

Оразбек М.С., Таласпаева Ж.С.

**Жапон поэзиясындағы тылсым сырдың қазақ поэзиясымен үндестігі**

Мақалада ақын, әдебиетші ғалым Жанат Әскербекқызының жапон поэзиясын қазақ тіліне аударудағы шеберлігі зерттелген. Жапон ақындарындағы нәзік сыршылдық пен табиғат дүниесіндегі ағаштар, гүлдер, құстар тіршілігін қызықтап, оны адам өмірімен байланыстыра суреттейтін ерекшелігі жан-жақты қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ақын, шығармашылық процесс, көркем аударма, көркем образ, табиғат, көңіл-күй, сыр, сезім, бейнелеу.

---

Orazbek M.S., Talaspaeva Zh.S.

**Harmony of mysterious japanese poetry with the kazakh poetry**

This article investigated scientist and writer Zhanat Askerbekkyzy translation skills of Japanese poetry into Kazakh language. Comprehensively considered gentle lyricism and interest in the life of trees, flowers, birds in the natural world, and particularly depicting their relationship to human life inherent in the Japanese poets.

**Key words:** poet, the creative process and artistic interpretation, artistic image, nature, mood, mystery, feelings, images.

---

Оразбек М.С., Таласпаева Ж.С.

**Гармония тайнственности японской поэзии с казахской поэзией**

В статье исследуется мастерство перевода японской поэзии на казахский язык поэтессой Жаната Аскербекқызы. Разносторонне рассматриваются нежная лиричность и заинтересованность жизнью деревьев, цветов, птиц в мире природы и особенностями изображающими их связь с человеческой жизнью, присущие японским поэтам.

**Ключевые слова:** поэт, творческий процесс, художественный перевод, художественный образ, природа, настроение, таинственность, чувства, изображение.

**ЖАПОН  
ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ  
ТЫЛСЫМ СЫРДЫҢ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫМЕН  
ҮНДЕСТІГІ**

**Кіріспе**

Жанат Әскербекқызы өз заманының лирик ақыны, әрі әдебиет зерттеушісі ретінде танылғаны баршамызға белгілі. Сонымен қатар көркем аударма саласында өзіндік орны бар екенін атап айтуға тиіспіз. Көркем аударма Жанат Аймұхамбет шығармашылығының бір саласы болып табылады. Басқа бір елдің суреткерінің ішкі жан дүниесінен сүзіліп шыққан шығарманы өзінің ой елегінен өткізіп, кестелі сөзбен жеткізу – бұл да шығармашылық қасиет. Демек, басқа бір қаламгердің шығармасын аудару – шығарма адамының жаңа туындыны шығарушылық қасиеті болып табылады. Әдеби аударма – бұл шығармашылық процесс. Ал шығармашылық процесс – көркем шығарманың жарыққа шығу кезеңі, шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асуы. Шығармашылық әрекет кезінде қаламгер басқа бір қаламгердің шығарма әлеміне еніп, оның шығармасындағы образбен, оймен тұтасып, ол шығарманы толық өзінің көркемдік әлемінен өткізеді. Сондықтан да орыстың белгілі қаламгері Б. Пастернак: «аударма өз алдына жеке көркем туынды болу керек. Сөзбен өрнектеу емес, аударма түпнұсқаға жақын, әрі өмірлік әсер туғызу керек» деп көрсетті «Шекспир аудармаларына ескертпесінде» [1.44]. Пастернак аударманы өз шығармашылығының бір бөлігі ретінде санады және ол дәлме-дәл аударуды ұстанған жоқ. Жанат Әскербекқызының аудармаларынан да осы ұстанымды байқауға болады. Себебі жапон әдебиетіндегі өзінің жан-дүниесіне жақын, ойымен үндесетін ақындарды таңдап, талғап алған және олардың ішінен өз шығармаларына ұқсас, ойындағысын тап басатын өлеңдерін аударған.

Бұл туралы Лермонтовтың өлеңдерін аударған Абайдың аудармашылық шеберлігінен академик З. Ахметов та анық атап көрсеткен болатын: «Абай не ставит себе чисто задачу точно передать содержание лермонтовского стихотворения, а сознательно стремиться отразить в переводе свою внутреннюю жизнь, свои настроения, вкладывает в перевод свои мысли и чувства. Абай ищет в произведениях Лермонтова выражения своих устремлений. Ближе передаются Абаем стихотворения Лермонтова, наиболее созвучные ему, стихотворения, которые более соответствуют мыслям и чувством Абая» [2.9]. Демек

Лермонтов шығармаларын аударған Абай да өз алдына сөзбе-сөз аударуды міндет етпеген. Абай да өзінің ішкі күйігі мен ащы ойларын Лермонтов поэзиясы арқылы жеткізген.

### Тәжірибе бөлімі

Ж. Әскербекқызы «Сакура гүлдегенде» атты кітабында жапонның әйгілі ақындарының шығармаларын аударған. Жапон ақындарындағы тылсым сыр, өлеңге, өнер әлеміне деген тазалық, тақуалық, табиғатқа деген құштарлық аудармашыға зор шығармашылық қуат бергендей. Отомо-но Якамоти, «Кокинсю» антологиясын құрастырушы ақындар Ки-но-То-монари, сарай кітапханасының бас сақтаушысы Ки-но Цураюки, Каи провинциясының ұсақ шенеунігі Осикоти-но Мицунэ, көрнекті жапон ақыны Сайге, хокку жанрының негізін салған Мацуо Басе, Масаока Сики т.б. ақындардың шығармаларын аударып, аталған ақындардың өмірі мен шығармашылығына да жете назар аударған. Аудармашы кітапта ең алдымен өлеңін аударған ақынның шығармашылық қызметі және өмірбаянымен таныстырған. Отомо-но Якамоти туралы: «...18 ғасырда жапон поэзиясынан ерекше орын алады. Оны өз кезеңінің «ең көрнекті махаббат жыршысы» атаған. Сонымен бірге жапондар Якамотиді «Маньесю» антологиясын құрастырушы деп есептейді» [3.3] – дей келе, әрі қарай ақынның еңбек жолымен таныстырады. Ақынның қолы жетпеген махаббатына мұңын шағып, зарыққан өлеңдерін аударған. Мысалы:

Жанымның түпкірінде  
Саған деген махаббатым маздаған,  
Қайғы мендеп, мұң жұтсам да  
Тағдыр бізге кездесуді жазбаған  
Тек алыстан аңсап, соған мээ болам.

Немесе:

Жүрегімнің күл-паршасы  
Шықты, міне, сүйгендіктен  
Соншама аңсап өзінді.  
Ұғармысың жанның шерін,  
Естимісің сөзімді?!

«Кокинсю» антологиясын құрастырушы Ки-но Цураюки өлеңдеріне келсек:

Подует ветер – и встает волна.  
Стихает ветер – и волна спадает.  
Они, должно быть,

Старые друзья,  
Коль так легко друг друга понимают!

Жел соқса – толқын бұлқынар,  
Жел тынса – толқын тынатын.  
Жел менен толқын –  
Баяғы достар,  
Бір-бірін жақсы ұғатын.

Табиғаттың тылсым сырын, үйлесімін қарапайым сөзбен әдемі өрнектеген. Толқын мен желді ежелден келе жатқан достар сияқты бейнелеу біріншіден, табиғаттың ерекше жарасымдылығын байқатса, екіншіден қазақи ұғыммен айтқанда «арасынан қыл өтпес достардың» бір-бірімен қарым-қатынасын ұқтырғандай. Аудармашы ақын ойын айқын түсінген. Академик З. Ахметов Абай аудармасы туралы: «Ал, Абайды алсақ, ол Лермонтовты тек оқып аударған адам емес. Ол орыс ақынын жанындай жақын көрді, сырлас, мұңдасын тапқандай болды» [4.347] деп түсіндіреді. Ж. Әскербек те өзінің аударған ақындарымен сырын бөліскендей, олардың мұңын түсініп, ойларын сіңіре отырып жеткізген.

Летом высоко в горах  
Плачет кукушка, –  
Быть может, как я,  
К небу возносит свой голос,  
Томясь от бесплодной любви?

Жаз айларында, биік тауда  
Көкек жылайтын –  
Мен сияқты ол  
Аспанға дауысын жеткізіп,  
Үмітсіз махаббатының қайырын сұрайтын.

Жапон ақындарына тән әрбір құстың ерекшелігін адамның көңіл-күйімен үндестірген нәзік үйлесімін қазақ тілінде сол күйінде ерекше әсермен бере білген. Ақын көкектің тынымсыз зарлаған үнін ғашықтық күймен шебер астастырған.

Если сожалешь о разлуке,  
Значит, не прошла еще любовь.  
Только знать хочу: когда навек уйдешь  
Облаком в чужую даль, какие муки  
Ты оставишь сердцу моему?

Айырылысқанға өкінсең –  
Махаббатыңның әлі де сөнбегені.  
Білесің бе көз жетпес қиырға  
Бұлттармен ілесіп жөнелгенде  
Қандай азапқа салып кетесің сен де мені?!

Сайгенің 50-ге жуық өлеңдерін аударған. Оның өмірбаяны мен шығармашылық шеберлі-

гіне, жапон әдебиетінде танка үлгісінде жазған оның өлеңдері кейінгі ұрпаққа үлгі болғандығына жан-жақты тоқталған.

Далеко от всех,  
В ущелье меж горных скал,  
Один, совсем один,  
Незрим для взоров людских,  
Прдамся тоскующей думе.

Бәрінен аулақ,  
Құз арасындағы шатқалда  
Жападан жалғыз  
Отырам, жаным егіліп,  
Азапты ойға беріліп.

Шын өмірінде де адамдардан жырақта өмір сүрген ақынның көңіліндегі «азапты» күйді тура сол қалпында қайғылы етіп аударған. Келесі өлеңінде де бұлбұлдар жалғыз тастап кеткен кейіптегі бейнесін суреттейді.

Оставили соловьи  
Меня одного в долине,  
Чтоб старые гнезда стеречь,  
А сами, не умолкая,  
Поют на соседних холмах.

Тастап кетті бұлбұлдар  
Мені жалғыз алқапта  
Ескі ұяларына қаратып,  
Өздері тынбастан сайрайды  
Көрші төбелерден үндерін таратып.

Адамдардың арасынан сая таппай жалғыздық күйін кешкен ақынның тіршілігін терең сезіне отырып, ақынның өзі өрнектеген образдан ауытқымай аударарды. «Қалықтап ұшқан қаздар», «Жағалаудағы тал», «Жаңбыр астындағы бұлбұл», «Ай», «Бақалар», «Тау раушандары», «Оңаша ауылдағы бұлбұл», «Гүлдері сиреген шие ағашын көргенде» т.б. өлеңдерінде өзінің мұңын табиғаттың ұсақ, бірақ өзіне тән сұлулығымен, төзімділігімен ерекшеленетін акку-қаздар, шие, өрік ағаштары мен гүлдер, бақалармен бөліскен және солардың тіршілігі арқылы бейнелеген ақын өлеңдерін ерекше көркемдікпен, жапон поэзиясының ұлттық бояуын сол қалпында сақтай отырып аударған.

Мацуо Басенің де шығармасына ерекше орын беріп, 60-қа жуық өлеңдерін аударған. Басқа ақындардан ерекшелігін де айқындап, өмірінен тың деректер келтірген. Оның өлеңдері үш жолдан ғана тұрады. Бірақ терең ойға негізделеді.

В тесной хибарке моей  
Озарила все четыре угла  
Луна, заглянув в окно.

Лашығым тар қандай  
Айдың сүт сәулесі құшаққа  
Армансыз алғандай.

Ақынның жан-дүниесіндегі мазасыз ойлары табиғаттың тылсым тіршілігі арқылы қысқа ғана суреттеледі. Айдың, түннің образы арқылы ақынның өз өмірін меңзеуін де түсіну қиын емес.

Луна-путеводный знак –  
Просит:» Сюда пожалуйте  
Дорожный приют в горах.

Ай-жолсерік  
Дауыстайды «маған бір сәт қара» деп...  
Жол бойында жалғыз үй тұр дара боп.

Ақындық жаратылысы табиғатқа жақын Ж. Әскербекқызы жапон ақындарының шығармаларындағы табиғат құбылысына деген ерекше көзқарастары мен суреттеу ерекшеліктеріне қызығып, құмартқандықтан өз шығармашылығының бір саласына айналдырған. Орыс әдебиеттанушысы В.Е. Хализев «Шығарма әлемінің ішіне тек материалдық және уақыт пен кеңістіктегі болған жағдайлар ғана емес, адам санасы, оның жаны мен тәнінің бірлігі де енеді» [5.183] деп түсіндіреді. Қысқа ғана жазылған жапон ақындарының шығармаларында адамның санасы, жан мен тәнің азабы, қайғысы, мұңы бәрі де бар.

Зимние дни в одиночестве  
Снова спиной прислонюсь  
К столбу посредине хижины.

Қысқы түн жалғыздық  
Бағанға – арқасын тіреген лашықтың  
Арқамды сүйеуге асықтым.

Адамның жалғыздықтан жапа шеккен болмысындағы айналасынан бір тірек іздеген аласапыран көңіл-күйін сезіне отырып ерекше түйсікпен аударған. Жалғыздықтың ешқандай ұлттық ерекшелікпен ерекшеленбейтінін, бүкіл адам баласына тән күй-жағдай болып табылатынын жеткізеді.

## Қорытынды

Әлем әдебиетінде ең таңдаулы қаламгерлердің көпшілігі аудармамен айналысқанын білеміз. Басқа елді айтпағанда, біз жақсы білетін орыстың әйгілі қаламгерлері: Б. Пастернак, А. Ахматова, Н. Гумилев, Жуковский, Аксаков, И. Бунин, Маршак т.б. көркем аудармалары

арқылы орыс әдебиетінің дамуына тендессіз үлес қосты.

Академик Н.И. Конрад: «Өзге тілде жазылған әдеби шығарманы өз тілінде жаңғырту – әруақытта да шығармашылықтың шыңы. Аударманың пайда болуы – белгілі бір дәрежеде төл әдебиеттің баюына ықпал жасайды», [б.183] – деп жазған. Әдеби шығармашылықты қажет ететін көркем аударма расында да әдебиеттердің өзара әсер етуіне, бірін-бірі байытуына жол ашады.

Жапон әдебиетіндегі әйгілі ақындарды аудару арқылы Ж. Әскербекқызы қазақ поэзиясының лирикалық табиғатын тереңдете түскен. Қазақ поэзиясының лирикалық әлеуетенің мол екенін байқатты. Қазақ поэзиясының табиғат құбылысына етене жақындығын айқындап берді. Қазақ ұлтының бойындағы махаббатқа, тазалыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа ерекше құштарлығын жапон поэзиясымен үндестігі арқылы көрсете білген.

#### Әдебиеттер

- 1 Морозова Е. Пастернак Б. [www.rustranslater.net](http://www.rustranslater.net) (дата просмотра: 15.04.2016)
- 2 Ахметов З. Абай и Лермонтов. – Алматы: «Арда», 2008.
- 3 Сакура гүлдегенде жапон поэзиясы / орыс тілінен аудар. Ж. Әскербекқызы. – Астана: Аударма, 2010. – 192 б. (Әлем әдебиеті).
- 4 Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын. – Алматы: «Арда», 2008. – 400 б.
- 5 Хализев В.Е. Теория литературы: учебник. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2005. – 406 с.
- 6 Конрад Н.И. Запад и Восток. – М.: Гл. редакция восточной литературы, 1966. – 519 с.

#### References

- 1 Morozova E. Pasternak [www.rustranslater.net](http://www.rustranslater.net) (date of access: 15/04/2016)
- 2 Akhmetov Z. Abay and Lermontov. – A. : “Arda”2008, – ISBN 9965-18-778-52-3.
- 3 When the sakura blossoms. Japanese poetry / translation from Russian. J. Askerbekkyzy. – Astana: Audarma, 2010. – – 192 p. (World Literature). – ISBN 9965-18-319-8.
- 4 Akhmetov Z. Channel the precious word: research, interviews and critics. A. : “Arda”2008, 400 p. ISBN 9965778795
- 5 Khalizev V.E. Theory of Literature. Textbook – 4 th ed., Rev. And add. -M. : Vyssh.shk., 2005, 406 c. ISBN: 5-06-005217-6
- 6 Conrad N. The West and East. – M. : Ch. of Eastern Literature edition, 1966. – 519 p. ISBN: 5-02-003001-9